

**Докторант Атем Маржан Нурланқызының «8Д01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор А.Қ.Құсайыновтың**

## **ПІКІРІ**

**Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы.** Элемдік тәжірибе ХХI ғасырда білім беру жүйесінің даму қарқынының озық деңгейінің қажеттілігін айқындал отыр. Білім беру жүйесіндегі жетістіктер әлеуметтік дамудың айнасы. Сонымен қатар, қоғам – білім беру жүйесінің миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын анықтайды.

Қазақстанның қазіргі геосаяси жағдайы, елдің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану саясаты, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени прогресі отандық орта білім беру жүйесін жаңа қағидаттар мен тәсілдерге ғылыми түрде негіздей отырып модернизациялауды талап етеді. Білім беру жүйесінде сапа мәселесі өзекті. Диссертациялық жұмыстың орта білім беру сапасын арттыруға бағытталуы, сапаны арттыруды ғылыми-педагогикалық түрғыда негіздеуге байланысты жасалған зерттеулердің жүргізуі ғылым мен білімнің дамуына өзіндік үлес қосатын маңызды қадам. М.Н.Атемнің жұмысы осы мәселелеге бағытталған.

**Диссертацияда тұжырымдалған PhD докторанттың әрбір нәтижесінің (ғылыми позициясының) негізділігі мен сенімділік дәрежесі.**

Зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми нәтижелер алынған:

– орта білім беру сапасын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, «білім беру», «білім беру сапасы» ұғымдарына берілген анықтамаларға ғылыми шолу жасалынып, авторлық анықтама берілген;

– әлемдік және Қазақстандағы орта білім беру сапасының халықаралық зерттеулердегі жайы зерттеліп, салыстырмалы талдау жасалған;

– ғылыми тұжырымдамадағы орта білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратын білім беру жүйесі құраушыларының сапаны арттыру үдерісіндегі рөлі ғылыми негізделген;

– білім беру жүйесінің сапасын арттыру үдерісін салыстырмалы талдаудың теориясы мен практикасы негізінде орта білім беру сапасын ішкі резервтердің көмегімен ғылыми негізде арттырудың құрылымдық-үдерістік моделі әзірленген;

– орта білім беру сапасын арттырудың ғылыми тұжырымдамасы бойынша тәжірибелік жұмыстың бағдарламасы жасалып, жүргізілген;

– тұжырымдама бойынша эксперимент жүргізіліп, нәтижелері қорытыланған.

**Диссертацияда тұжырымдалған әр ғылыми нәтиженің (позицияның), қорытындылар мен тұжырымдардың жаңашылдық дәрежесі.**

PhD докторантты М.Н. Атемнің зерттеу нәтижесінің жаңалығы «Орта білім беру сапасы» ұғымын зерттеп, орта білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық тұжырымды жүйеледі. Отандық және шетелдік білім беру жүйесін салыстырмалы зерттеу арқылы, білім сапасын арттыру үдерісіне салыстырмалы талдау жасалды. Орта білім беру сапасын арттырудың сапа құраушыларын жүйелей отырып, олардың сапасын арттыру қажеттігін ғылыми негіздеді. Сонымен қатар, ғылыми тәжірибе арқылы орта білім беру сапасын арттырудың ішкі резервтерді тиімді пайдалану арқылы, он нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі дәлелденді. Зерттеу жұмысы мен ғылыми тәжірибе қорытындылары негізінде әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

**Алғынған нәтижелердің сәйкес проблемаларды, теориялық немесе практикалық мәселелерді шешуге бағытталуы.**

Диссертанттың зерттеу жұмысы орта білім беру сапасын арттырудың құрылымы мен мазмұнын айқындал, оларды ғылыми негіздеуге, тұжырымдамасын жасауға бағытталған. Салыстырмалы педагогика ғылыминың әдіснамалық тәсілдері мен педагогикалық-психологиялық теориялардың әлеуетін негіздел, білім сапасының құраушылары мен олардың маңызын талдаған. Орта білім беру сапасын арттыру мәселесін педагогикалық негіздеудің жана моделін құрастырып, зерттеудің іргелі теориялары негізінде ғылыми-тәжірибелік жұмысты ұйымдастыруды эксперимент бағдарламасы мен жұмыс жоспары жасалған. Эксперимент жұмысына сандық және сапалық талдау жасалған. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін талдау ізденушіге орта білім сапасын арттыру мәселесіне қатысты теориялық және практикалық маңызды қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

**Диссертацияның негізгі ережелерінің, нәтижелерінің, қорытындыларының, жарияланымдарының жеткілікті толықтығын растау.**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 9 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның ішінде: КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінде – 3 мақала, Scopus базасына енгізілген басылымда «European Journal of Contemporary Education» (процентиль 78, Q2) – 1 мақала, республикалық, халықаралық және шетелдік деңгейдегі конференциялар материалдарында – 3 мақала, 1 мақалалар жинағы және 1 оқу құралы жарияланған.

**Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

«8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған Атем Маржан Нурланқызының диссертациясы жеке жазылған ғылыми еңбек

болып табылады, ол педагогика және психология ғылыми қорына және орта білім беру жүйесін дамыту мен сапасын арттыру ісіне елеулі үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында жазылған диссертацияның авторы Атем Маржан Нурланқызы «8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор

А.К.Кұсайинов

17.11.2023

РАСТАЙМЫН  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кадрларының  
даярлау және аттесттату басқармасының бапкерлік  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова

«17» 11 2023 ж.т.

